

Торайғыров университеті  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университет

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Педагогикалық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Педагогическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

---

**№ 3 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бегентаев М. М.

*д.э.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Абибуллаева А.,

*д.п.н., профессор*

Бурдина Е. И.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Белоруссия)*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Донцов А. С.,

*доктор PhD*

Шокубаева З. Ж.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

**А. Ж. Едігенова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

**ДЕҢГЕЙЛІ БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚОСЫМША КӘСІБИ  
БІЛІМ БЕРУДІ РЕФЛЕКЦИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

*Мақала қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер талабына сәйкес оқытудың жаңа қадамдары қарастырылады. Мақалада Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орны бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы іс-тәжірибеге рефлексиялық талдау жасалған. Мақала мазмұнында осы бағдарлама аясында жоғары оқу орнында студенттермен өткізілген сабақтарда әр түрлі әдістер мен тәсілдердің қолданылуы және олардың тиімділігі баяндалады. Сонымен қатар, деңгейлік бағдарламаның модульдері бойынша өткізілген сабақтар барысындағы оқытушы мен студенттердің өз ара біріккен іс-әрекеттері ашылады. Қолданылған әдістер мен тәсілдердің оқыту процесінің соңғы нәтижесіне ықпалы анықталған. Педагогикалық мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орны оқытушылары пайдалы ақпараттар ала алады.*

*Кілтті сөздер: білім беру, студент, оқытушы, әдіс, тәсіл, оқыту.*

**Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер заман талабынан туындап отыр. Еліміз әлемдік білім беру кеңістігіне батыл енгендіктен, әлемдік деңгейдегі білім беру стандарттарына да жауап беру керек болды. Сондықтан осындай жылдам өзгермелі, автоматтандырылған, техникаландырылған, ақпараттандырылған қоғамда әр тұлғаға өзінің адами құнды қасиеттерін сақтай отыра, өз орнын табу, өзін жетілдіру қажет, сонымен қатар қоғам сұранысына сай болу керек, міне осындай аса маңызды міндеттерді шешуде басты орын білім беру жүйесіне берілері даусыз. Аталмыш міндеттер қалай

шешімін табу керек деген орынды сұрақ туындайды. Әлбетте, қазіргі жас ұрпақ, студент, болашақ мамандар осы талаптарға жауап беру үшін оларды қалай оқытып, тәрбиелеу керек? деген сұрақтар бүкіл педагогикалық қауымдастықты толғандырады.

«Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» деген Ы. Алтынсариннің нақыл сөзі осы сұрақтардың жауабы тәрізді. Қазақтың тұңғыш педагогы, әдіскер Ы. Алтынсариннің өлендері өскелең ұрпаққа жол сілтеп, оқы білім ал дейді. Сонымен қатар, ұлы педагогтың «Мектеп қабілетсіздікпен жалқаулықтың ұясына айналмауы тиіс», «Өнер, білім – бәрі де оқуменен табылған» деген нақыл сөздері кімге болмасын ой салып, қанат бітіретіндей [1, 137–139]. Демек, жоғарыда аталған түйткілді сұрақтардың жауабын қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістермен байланыстырсақ, жауабын табармыз. Қазіргі жалпы орта білім берудегі басты өзгерістер білім мазмұнының жаңаруы, критериялды бағалау болып отыр. Бұл Назарбаев зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесін жалпы білім беретін барлық мектептерге ендірумен тікелей байланыста жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептердің барлық деңгейі жаңартылған білім беруге көшкені белгілі. Сонымен қатар, бүгінде білім сапасы басты назарда және ол педагогикалық ғылымдардың көкейкесті сұрақтарының бірі. Зерттеу мақсаты осы міндетті шешуге бағытталады: студенттерге қосымша кәсіби білім беруде деңгейлі бағдарламаның тиімділігін көрсету және ашу. Қолданылған зерттеу әдістері: бақылау, әңгімелесу, анализ, синтез, педагогикалық эксперимент, білім алушылардың іс-әрекет нәтижелерін талдау, педагогтардың іс-тәжірибелері.

Білім сапасы – бұл келесі қасиеттермен сипатталады: білімнің толықтығы мен ғылымилығы (нақты пәннің өзегі болатын негізгі мағлұматтар, түсініктер мен ұғымдар, ережелер заңдар, теориялар); білімдерді меңгеру саналылығы (білім алушының ғылыми заңдар негізінде фактілерді, құбылыстарды, материалдық әлем заттарын түсіндіре алуы, білімді ұсақ жағдайларда қолдана алу және білім мен іс-әрекет, әдіс-тәсілдерін жаңа жағдайларға көшіре алуы); білім жүйелілігі (жаңа түсініктер мен ұғымдардың бұрын игерген біліммен тығыз байланыстылығы); беріктік (жинақталған білім мен іс-әрекет әдіс-тәсілдерінің есте сақталуы) [2, 20]. Сондықтан жоғары оқу орнын бітіруші түлек, болашақ жас маман осы іске жан-жақты даяр болуы қажет.

Қазіргі студенттер өзіндік мақсаттары, өмір сүру ортасы, нақты іс-әрекеті және өзіндік психологиясы, бағдарлар жүйесі бар әлеуметтік топ. Студенттік шақ әлеуметтік топ ретінде кәсіби бағыттылығымен, болашақ мамандыққа тұрақты қатынастың қалыптасуымен сипатталады және жалпы тұлғаның қалыптасуының, сан алуан қызығушылықтарының

айқын байқалатын кезеңі болып табылады. Тұлғаның қалыптасуы – рухани толығуды, даралықты, интеллекттілікті, ішкі және сыртқы, жалпы және кәсіби мәдениетті меңгеру дегенді білдіреді. Тек осы қасиеттер болған жағдайда адам басқа адамдардың іс-әрекетін, тәрбиесін, оқуын басқаруға қабілетті болып келеді. Студенттік шақ өмірлік көзқарастың қалыптасуы үшін өте маңызды, адами алғы шарттары жетіледі. Сол себепті бітіруші студенттерге қосымша кәсіби білім беру болашаққа деген өзіндік бағдарламасын құруына, танымдық сферасын кеңейтуіне, жеке адамдық концепциясының, яғни, кемелденуінің басталуына да мүмкіндіктер жасайды деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орны бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасының жетекші мақсаты жастарды жылдам өзгермелі өмірде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін білік, дағдыларын дамытуға, өз білімін өмірде қолдануға септігін жасайтын сын тұрғысынан ойлауын арттыруды көздейді. Бағдарламаның тақырыптық мазмұны ЮНЕСКО және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұсыныстарының негізгі қағидаттарымен үйлеседі және ол жеті модуль аясында болашақ маманның мектепте табысты қолдануына көмектесетін бірқатар әдістемелік сипаттағы ұсыныстардан тұрады: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер; сын тұрғысынан ойлауға үйрету; оқу үшін бағалау және оқуды бағалау; оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану; талантты және дарынды балаларды оқыту; оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу; оқытуды басқару және көшбасшылық [3, 11].

Аталмыш бағдарлама аясында бітіруші топ студенттерімен топтық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу, диалогтік оқытудың тиімділігін бағалау, студенттердің сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту тәсілдерін қолдану, қалыптастырушы бағалау әдіс-тәсілдерін, дарынды және талантты балаларды қоса алғанда, түрлі жастағы балалардың қажеттіліктерін ескеру мақсатында оқуды саралау стратегияларын енгізу, және т.б. жұмыс түрлерін өз оқу орнымызда іс-тәжірибеде қолданып, оның нәтижесін аз уақытта болса да, көруге мүмкіндік болды. Іс-тәжірибедегі жүргізілген жұмыстардың нәтижелері рефлексиялық есептер беру арқылы нақтыланды.

Студенттік топтармен сабақты қалай тиімді өткізуге болады? Оларды қалай сабақта белсендіруге болады? Дәрісті қалай нәтижелі өткізуге болады? деген тәрізді сұрақтардың шешімін табу мақсатында тәжірибеде әр түрлі жұмыс түрлерін, соның ішінде топтық жұмысты қолданып сабақтар өткіздік.

Топтық жұмысты осы уақытқа дейін педагогикалық тәжірибемізде қолданбадық деп айта алмаймыз, әйтсе де бұдан байқағанымыз топтық жұмыстарды мақсатты бағытта жүйелі қолдану сапалы нәтижеге жеткізеді. Демек топтық жұмыс жүйелі жүргізілген жағдайда студенттерде осы жұмыс түріне белгілі бір деңгейде дағдылануы қалыптасады. Бұл келешекте топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырғанда уақытты тиімді қолдануға, ұйымдасқан түрде өзара бір-бірін жылдам түсінуге, қабылдауға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі тұлғаның дамуында түрлі факторлардың (ұялы телефон, интернет желілері т.б.) ықпалы жоғары болып отырғандықтан, балалар оқшауланып, өзімен-өзі қалатын сәттер көп кездеседі, бұл жағдай олардың өзімшілдігіне әкелуі әбден мүмкін. Сондықтан топтық жұмыстар жүйелі жүргізілген жағдайда осы жайттардың алдын алуға болатын тәрізді. Себебі топтық жұмыстар барысында студенттердің коммуникативтік дағдылары дамиды, тұлға ретінде ашылады, оның өзін жетілдіруіне мүмкіндіктер болады деп ойлаймыз.

Мұның негіздемесі ретінде жоғары оқу орнымызда іс-тәжірибе барысында ұйымдастырған топтық жұмыстардың түрлері туралы айта аламыз. Сабақты жоспарлауда салыстырмалы талдау жасау, «Автобус аялдмасы», постерлік баяндама әзірлеу тәрізді топтық жұмыс түрлері қолданылды. Аталмыш жұмыс түрлерінің оқу сапасына әсері болды, оны тапсырманы орындау барысындағы студенттердің іс-әрекеттерінен байқадық. Мәселен, топтарға ұсынылған оқу материалдарын қолданып, тақырып бойынша салыстырмалы талдау жасауға тапсырма берілді. Тапсырма топқа берілгендіктен әр студент өз жауапкершілігін түсінген тәрізді, берілген деректерді 1-ші кезеңде әркім мұқият оқыды (бұл жұмыстың нәтижесіне әсер етеді).

Сонымен қатар ол тапсырманың соңғы нәтижесінен де байқалды: студенттердің пікірлері, ойлары және талқылау сәттері. Осы сәттерде студенттер белсенді болды және 1-ші кезеңде әркім жеке оқығандықтан барлығы да өз ойын білдіруге ынталы екені байқалып тұрды. Бұл адамның қоғамда өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүріп, дамитынын, оның талаптарына сәйкес өз ойлары мен мінез-құлқын өзгертетінін, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы әртүрлі байланысты сезінетінін көрсетеді.

Топтық жұмыстар уақытында студенттердің бір-бірін қабылдап, әркімнің жеке қасиеттерін тануының өзі кері байланыс болып табылады, бұл бір жағынан әрекет етіп отырған студенттің өзінің серігімен қалай қабылданатындығын түсінуі болады. Бұл жайтты да топтық жұмыс барысында ескеруді назарда ұстадық, әрине олардың бір-біріне жағымды

қатынастары бар, әйтседе бұл арада маңызды нәрсе студенттердің оқу материалын келесі студентпен бөлісу үшін дұрыс игеруі болып табылады. Топтық жұмыстардан соң студенттердің көңіл-күйін білу керек болды, бақылап әңгімелесу сәтінде олардан «көп нәрсені түсіндім», «белсенді қатыстым және көп нәрсені білдім», «өзара пікірлесу ұнады» деген тәрізді жауаптар алдық. 3-ші сабақты өткізуде «Венн диаграммасы» стратегиясын қолдану арқылы тақырыпты қорытындылауды топтық жұмыс түрінде жүзеге асырдық. Бұл стратегия бұған дейін де қолданылған, сол себепті шығар студенттер тапсырманы жылдам түсініп, тақырыпқа сәйкес түйсікпен қабылдауды салыстырып, диаграмманы белсенді толтыруға кірісті. Мұнда байқағаныз, бұл жағдайда белсенді қатыса қоймайтын студенттер тапсырманы орындауға қатысып, ойын ортаға салуға талпынды. Бір жағынан бұл назарда ұстауды қажет ететін жағдай деп те ойлаймыз, олай дейтініз, мүмкін студент тақырыпты жеткілікті түсіне алмай жүрді, сондықтан өзіне сенімсіздік бар, сол себепті белсенді қатыспайды.

Демек, бұл топтық жұмыстағы бірлескен іс-әрекеттердің мақсаты мен міндеттерін дұрыс қойып, топтағы әркімнің міндеттерін дұрыс бөлсе, олардың белсенділігі артып, тақырып бойынша білімдері толығып, ұйымдастырылған жұмыстың тиімді болатынын көрсетеді.

Келесі бұл – диалогтік оқыту. Диалогтік оқығудың тиімділігі жайлы сұрақ әр кез зерттеушілердің зерттеу мәселесінің нысаны болғаны белгілі. Диалогтік оқытуда белсенді тыңдау, пікірін айту, өз көзқарасын нақты аргументтермен дәлелдеу, сұрақтар қою тәрізді іскерліктері мен дағдылары дамитыны түсінікті.

Жалпы курста қамтылған модульдер тұлғаның ашылуына, өзін-өзі жетілдіруіне, өздігінен білім алуына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуына педагогтардың тиісті жағдайлармен қамтамасыз етуіне бағыттала отырып, қазіргі білім берудің негізгі мақсатын жүзеге асыруды көздейді. Сонымен қатар тұлғаның танымдық дамуына баса мән беріп, Л. С. Выготскийдің «Жақын арадағы даму аймағы» теориясын басшылыққа алады.

Диалог барысында оқушылар (мұғалімдер де) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгіменің үш түрі бар: әңгіме-дебат; кумулятивтік әңгіме; зерттеушілік әңгіме. Мерсер осы әңгіменің үш түрінде зерттеушілік әңгімеге баса мән береді [3, 35–36]. Мұнымен келісуге болады, себебі тек зерттеуге негізделген іс-әрекеттер

жоғары нәтижеге жеткізеді және шынайы білімнің қабылдануына септігін тигізеді.

Өз тәжірибемізде дәріс сабағын интерактивті дәріс түрінде өткізуге мән береміз, соның барысында «Миға шабуыл» әдісін қолдану арқылы диалогты студенттерді белсендіру әдісі ретінде қолдандық, бірақ оны аудиториядағы жағдайға байланысты, оларға тақырып түсініксіз болғанын байқағанда, сабаққа белсенділік болмаған жағдай орын алғанда, оларды іс-әрекетке тарту үшін жоспарламай-ақ қолданамыз: сұрақтар қоямыз, жағдаяттар мысалға келтіреміз т.б. Тәжірибе уақытында өткізілетін сабақтарды, ондағы іс-әрекеттерді мақсатты түрде алдын-ала ойластырудың студенттердің оқу материалын жақсы меңгеруіне ықпал жасайтынын байқадық. Сонымен қатар сабақтағы іс-әрекеттерді жоспарлау барысында студенттердің даралық айырмашылықтарында ескеріп, тапсырмалар берілді, сол арқылы топтағы барлық студенттер сабаққа толық қамтылды.

Осы модульге қатысты әр түрлі әдіс-тәсілдері қолданылды: проблемалық жағдаяттар тудыру, «Еркін микрофон», «Жалғастыр», жұптық жұмыс т.б. Аталмыш әдіс-тәсілдер диалогті оқытуды тиімді ендіруге мүмкіндік жасайды. Мәселен, проблемалық жағдаяттар, сонымен қатар қосымша келтірілген мысалдар ортақ мәселе болып, студенттердің ізденісіне түрткі болды, өз ойларын ортаға салу арқылы ортақ пікір қалыптасып, сол күнгі тақырыпты анықтауға мүмкіндік болды және студенттердің оқудағы танымдық белсенділігінің артуына ықпал етті.

Диалогтік оқытуды жүзеге асыруда тек «оқытушы-студент» арасындағы емес, сонымен қатар «студент-студент» арасындағы диалогты да белсендіру жолдары қарастырылды. Тақырып бойынша студенттерде бар білімді белсендіру мақсатында «оқытушы-студент» арасындағы диалогты өрбіту үшін ассоциативті парақпен жұмыс ұйымдастырылды, ол студенттердің білім деңгейі туралы мәліметтер алуға мүмкіндік жасады. Парақты толтырып болған соң неліктен сондай ассоциация туындағаны турасында сұрақтар қойып, әңгімелесу өткізілді. Бұл оқытушы-студенттер арасында диалогтік қарым-қатынасты дамытуға бағытталды. Сабақтың соңында басында берілген ассоциативті параққа қайта оралдық, ондағы мақсат интерактивті дәріс, диалогті оқыту барысында тақырып бойынша қандай ақпараттар алды, сол бойынша парақты қайта бір қарап толықтыру керек екені түсіндірілді. Студенттер тапсырманы ынтымақтастықпен орындап, белсенді қатысып, ойларын тұжырымдады.

Диалогты өрбіту үшін «жуан» сұрақтарға мән берілді, мәселен, Студенттер өзара сұрақтар қойды: неліктен олай ойлайсың?, Осы ассоциацияны неліктен тақырыппен байланыстырдың? т.б. Кейбір студенттер сұрақтар құрастыруда қиын болғанын айтты. Әлбетте бұл



тақырыпқа байланысты болуыда мүмкін деп болжаймыз, себебі студенттер сұрақты өздері жақсы түсінген материалдар аясында қояды. «Студент-студент» арасындағы диалог жаңа тақырыпты бекітуде «Ыстық орындық-1» және «Ыстық орындық-2» стратегиясы бойынша жүзеге асырылды. Бұл стратегияны жүргізуде студенттердің қатысуы олардың әрекеттерінен, эмоцияларынан байқалып тұрды. Өзара сұрақтар қойылғанда, егер студент сұрағына дұрыс жауап алмаса, бет-әлпетінен көңілі толмағанын білдірді, бір жағынан бұл алдағы уақытта ескеруді қажет ететін жайт деп ойлаймыз, себебі олар бір-бірінің жауабын құрметпен тындап, оған дұрыс қатынас көрсеткені абзал (өзін-өзі бақылауға үйрену). Диалогтік оқытуды жалғастыру мақсатында «Жалғастыр» - әдісін қолдандық. «Студент-студент» арасындағы диалогты нығайтуда әдіс тиімді деп ойлаймыз. Алғашқы студент тақырып бойынша бір терминді атайды, келесі студент сол терминді қосып, өзі бір терминді атайды, осылайша жалғасады. Студенттер белсенді қатысуға кірісті. Бұл әдіс бойынша жұмыс процесін бақылауда байқағаныз студент үшін қиыны шеңбердегі процесте үзіліс болмауы үшін бар ойын, ерік-жігерін жұмылдыру қажет. Бұл әдісті екінші сабақта қолдану соншалықты тиімді емес екенін байқадық, себебі кейбір студенттер процеске кірісуде қиналып отырды, сондықтан бұл әдісті осы тақырып бойынша тәжірибелік сабақ, өздік жұмыстарын орындаған соң, яғни студенттер тақырып бойынша оқу материалын жеткілікті меңгерген соң өткізсе, тиімді нәтижесін беруі мүмкін (болжау).

Диалогті оқытуды сапалы ұйымдастырда жұптық жұмыстың ықпалы өте жоғары екенін осы жұмыс процесінде байқадық. Демек, оқытушыға әдісті таңдауда барлық факторларды ескеру абзал, мәселен: студенттердің жеке, даралық ерекшеліктері, тақырыптың топта жеткізілу деңгейі, тақырып бойынша оқу материалдарының (ресурстардың) жеткілікті болуы, сұрақтардың қойылуы (жуан, жіңішке). Жұптық жұмысты тиімді деу себебіміз, бұл жағдайда оқытушы студенттерді жеке, даралық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне қарай жұптастыра алады, сол арқылы олардың бір-бірімен ақпараттармен алмасуын, оның сапалы болуын да қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие бола алады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, жұптық жұмыста екі ғана студент болғандықтан бір-бірімен еркін, ашық қатынаста болады (кейбір студент аз адам болғанда жақсы ашылады), ойларын еркін айтады, пікірлеседі, өз ойларын дәлелдеу мүмкіндігі де жоғары болатыны процесті бақылаудан байқалды. Сонымен қатар, жұптар өздеріне берілген тапсырманы ортаға шығып айтқанда да, екі студентте сөйледі.

Диалог дегеніміздің өзі тең құқылық, субъективті қарым-қатынас, оның мақсаты: өзара танып-түсіну, серіктестер арасында өзін түсіну, өзіндік даму, басқаны қабылдау, оның орнына өзін қою т.б.

Өткізілген сабақтарға талдау жасай отыра, мынаны түсіндік, диалогтік оқыту педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болуы керек, себебі педагогикалық мамандық студенттері тек «субъект-субъект» қатынастар жүйесінде әрекет етеді, сондықтан оларда қарапайым қарым-қатынас дағдыларының дұрыс қалыптасқаны, сонымен қатар вербальдық (сөз арқылы) және вербальдық емес (мимика, ым-ишара, қимыл-қозғалыс, ерін, көзбен берілетін белгілер т.б.) қарым-қатынас құралдарын меңгергені абзал.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларына келсек, әлбетте, бізде сын тұрғысынан ойлау туралы түсінік болмады деп айта алмаймыз, себебі бұл технология Қазақстандық білім беру жүйесіне 1998 жылдардан бастап ендірілгені белгілі және оның бүгінгі күні көкейкесті мәселе екендігі ешқандай дау тудырмайды.

Сын тұрғысынан ойлау деген не? Оны қалай дамытамыз? т.б. сұрақтар курс барысында қарастырылып, ол туралы түсінік нақтырақ қалыптасты. Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы мүмкін.

Демек, тұлғаны сын тұрғысынан ойлауға үйрету үшін танымның ең жоғары деңгейі болып табылатын ойлау әрекетінің кезеңдерін білген жөн. Ойлау адамды өзіне таныс емес, білмейтін құбылысты білуге талпындырады. Қандай болмасын іс-әрекетке кіріскенде адам ең әуелі оны ой елегінен өткізеді, соның барысында бірқатар әрекеттер жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда сабақта тақырыпқа қатысты сөздерді қолданып эссе орындаттық. «Еркін жазу стратегиясы». Эссені орындауға кеңістікке қатысты: форма, түр, түс, оң жақ, сол жақ, орта, жаны, қасы, артқы жақ, алдыңғы жақ; уақытқа байланысты: ғасыр, дәуір, жыл, ай, апта, таң, түс, кеш, минут, секунд сөздерін бердік. Студенттер 15-20 сөйлемнен тұратын эссені орындады. Тақырыбы: «Кеңістік және уақыт» (қабылдау). Бұл тапсырманы орындауда студенттің ойлау дейгейінің айрықша ролі бар.

Осыған сәйкес берілген тапсырманы орындау барысындағы ойлау әрекетінің кезеңдері: мәселені қою (мақсатын түсіну) – эссені орындауға тапсырманы ұсыну; ассоциациялардың пайда болуы (кеңістік, уақыт деген де не ойға келеді); алғашқы болжамның пайда болуы (эссені осы жүйемен немесе үлгімен орындасам); келесі болжам пайда болады (мүмкін мынадай мазмұнда орындасам, берілген сөздерді осындай ретпен не жүйемен

қолдансам); пайда болған болжамдарды салыстырады (таңдайды); нақты іс-әрекетке көшеді [4, 31–33].

Демек, білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауының сапалы болуы, берілген тапсырма бойынша оқу материалынан ақпараттар қорының жеткілікті болуына, берілген тапсырманың мақсат, міндеттерінің түсінікті болуына, алаңдатытын тітіркендіргіштердің болмауына, танымның жоғары деңгейі болып табылатын ойлау тәсілдері (талдау, біріктіру, салыстыру, жинақтау, нақтылау, жүйелеу) мен формаларына (ұғым, пікір, ой қорытындысы) дағдылануына байланысты болатын тәрізді.

Студенттердің көңіл-күйлеріне қарағанда тапсырманы орындау қызықты болған тәрізді, өз мүмкіндіктеріне қарай тапсырманы орындады. Олардың эссені орындау уақытындағы сын тұрғысынан ойлау деңгейін эссенің құрылымы мен мазмұнына талдау жасау арқылы анықтадық. Мәселен: тақырыпты ашуда берілген сөздерді пайдаланып, құрылымын сақтап, орындаған, сабақтағы айтылған ақпараттарды эссені орындауда тақырыпқа сәйкес жинақтап, салыстырып, жүйемен қолданған, сонымен қатар өздеріне сенімі бар екені байқалады. Жоғары да ойлаудың танымның жоғары деңгейі екенін және көп сатылы күрделі процесс екендігін айтып өттік, сондықтан мұғалімге нұсқаулықта берілгендей, әдістер мен технологияларды дамыту керек сонымен қатар, теорияны жеткілікті меңгеру керек болады, себебі теория мен практика ұштаспай, іс-әрекеттен нәтиже алу қиынға түсуі мүмкін.

Сабақта қолданылған барлық әдістер студенттерде бар сыни ойлаудың бірқатар дағдыларын анықтауға мүмкіндік берді деп айтуға болады, мәселен: талдау, түсіндіру, салыстыру, бағалау т.б. Мәселен: «Ыстық орындық – 1» – мұнда бір студент ортаға шығады, қалғандары сұрақ қояды. Әдісті жүргізу үшін даярлық барысында өтілген оқу материалы бойынша сұрақтар құрастыру. Әрине сұрақтар құруда студенттердің қиналғаны байқалады. Студенттер құрастырған сұрақтарға жасалған талдау, олардың көпшілігінің «жіңішке» сұрақтар екенін көрсетті. Мысалы: «Түйсік деген не?», «Түйсіктің түрлерін ата» – «жіңішке» сұрақтар; «Түйсіктің танымның алғашқы баспалдағы ретіндегі мәні неде?», «Қабылдаудағы даралық айырмашылықтың адамның тұлғалық дамуындағы рөлі қандай?» – «жуан» сұрақтар. Әрине, әдісті жүргізу барысында әр студентке өздері даярлаған әртүрлі деңгейдегі сұрақтарды қоюға, берілген жауаптарды талдауға мүмкіндіктері болды. Студенттерге берілген жауаптардағы нақты дәлелдерге, аргументтерге, сұрақ мазмұнына сәйкес келтірілген мысалдарға мән беру тапсырылды. «Ыстық орындыққа» отырған студент өзінде бар дағдыларын көрсетіп, берген жауаптарын аргументтеуге талпынды.

Білім алушылардың берген жауаптарынан байқағаныз, білімді анықтауға бағытталған сұрақтарға жақсы жауап берді («Түйсік деген не?», «Түйсіктің түрлерін ата»), ал талдауды қажет ететін, аргументтеуді, мысал келтіруді қажет ететін сұрақтарға («Қабылдаудағы даралық айырмашылықтың адамның тұлғалық дамуындағы рөлі қандай?») жауап беруде қиналды. Бұл жайт студенттер жеткілікті жауап бере алмаған сұрақтар бойынша дәріс барысында қарастырылған оқу материалдарын қайта қарауды және талқылауды қажет етеді.

Студенттерге өз іс-әрекеттеріне талдау жасау мақсатымен ой қорыту жасалды, бұл бір жағынан кері байланыс болса, екінші жағынан студенттің өз іс-әрекетін өзіндік бағалаудың көрсеткіші де болады. «Сөйлемді аяқта...» әдісі қолданылды, ондағы сөйлемдер: «Менің сұрақ құруда қиналған себебім...», «Мен сұрақты құрайын дегенмін, бірақ ...», «Сұрақты дұрыс құру үшін бізге ...» т.б.

Студент Ж. «Менің сұрақ құруда қиналған себебім, тақырыпты дұрыс түсіне алмадым», студент А. «Мен сұрақты құрайын дегенмін, бірақ қиналдым», студент Ә. «Сұрақты дұрыс құру үшін бізге тақырыпты түсіну керек» т.б. Бұл жауаптардан студенттердің танымдық процестерінің дамуына назар аударып, олардың жеке даму ерекшеліктерін ескеру қажет екенін түсіндік.

Студенттердің ой қорытуларына жасалған талдау, сабақты жоспарлағанда олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын (талдау, жинақтау, қорыту т.б.) дамытуға мүмкіндік беретін тапсырмалар құруға баса назар аудару қажет екендігін көрсетті. Өлбетте, бұл білім алушылардың іс-әрекетінің ұйымдастырылуына баса назар аударудың қажеттігін айғақтайды. Іс-әрекет тұлғаның қалыптасуының негізі. Ол білім алушыға субъект ретінде оны жетілдіру, дамыту, қалыптастыру бағытында қоғамдық пайдалы, танымдық, теориялық және практикалық әрекеттердің сан алуан түрлері мен формаларындағы қоғамдық тәжірибені меңгеруге бағытталған. Білім алушының әрекеті де терең білім жүйесін меңгеруге бағытталған. Сондай-ақ оның осы іс-әрекетінің табыстылығы және нәтижесінің болуы студенттің алға қойған мақсатының орындалуында маңызды болып табылады. Табыстылық – адамның табысқа жету нәтижесінде пайда болатын күйі және іс-әрекеттің объективті нәтижесіне қатынасы. Іс-әрекет табыстылығы – тиімді оқыту мен тәрбиенің маңызды өлшемі ретінде қарастырылады және студенттің белсенділігінің дамуына ынталандырушы әсер етеді [5, 182]. Көптеген зерттеулер іс-әрекеттің таусылмайтын мүмкіндіктерін ашқаны практикіден белгілі. Іс-әрекеттің мәнді қасиеттерінде тұлғаның қызығушылығын қалыптастыруға ықпал ететін бастау байқалады.

Өзін-өзі байқау, өзінің жетістіктерін басқалармен салыстыру танымдық қызығушылықты орнықтырады, тұлға өз жетістіктерінің нәтижесін көреді.

Білім беруде іс-әрекет екі жақты көрініс (оқытушының және де студенттің іс-әрекеті ретінде) береді. Студент бір жағдайда оқытушының іс-әрекетінің объектісі болып көрінсе, ал білімді менгеруде жеке субъект болып табылады. Іс-әрекетке пайда болатын қарым-қатынас педагогикалық үрдісте ерекше, көп мағыналы байланысты құрайды: мазмұнымен, орындалуымен, қатынасатындар, жолдастарымен, оқытушымен, өзінің іс-әрекеттегі дәрежесіне қарай және т.б.

### **Қорытынды**

Біз мақалада оқытушы мен студенттің бірлесіп еңбек етуі арқылы жоғарғы нәтижеге жетуі оқу процесін жетілдіруді қамтамасыз ететінін айқындадық. Сондықтан, оқытушы педагогикалық процестегі жетекшілік рөлін атқара отырып, үнемі студенттің іс-әрекеттің субъектісі болуына назар аударуы қажет. Өткізілген сабақтарға жасалған талдау, оқытушы мен студенттер арасындағы біріккен іс-әрекет танымдық қызығушылықты және белсенділікті арттыратынын көрсетті. Осы ойлар білім беруді жаңаша ұйымдастыруды, яғни оның педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін қайта қарауды қажет етеді. Әсіресе педагогикалық мамандықтар даярлайтын оқу орындары үшін білім берудегі жаңа қадамдарды білу және оны процеске ендіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болу керек.

Сабақта қолданған әдіс-тәсілдер бізге таныс болғанымен, оларды жаңа қырларынан білуге болады және әр оқытушы өзінің оқыту әдістемесіне ой жүгіртіп зерделесе артық емес. Дегенмен, әр нәрсенің «+» және «-» болады, мұны заңдылық деп қабылдағанымыз дұрыс болар. Бұл бойынша мақсатты бағытта жұмыс жүргізіп, оның соңғы нәтижесін көру керек (бақылау, талқылау).

Әрине, бұл процесс дәстүрлі мен жаңаны үйлестіре отырып жүзеге асырылғаны жөн. Үнемі топтық, жұптық жұмыс т.б. деп, білім алушыларымыздың «кейбірі» ара кідік бір тапсырмаларға қатысып, қажетті білім мазмұнынан шет қалмаса болғаны. Олай дейтініміз, оқытылатын әр пән, әр тақырып зерттеуге негізделеді, білім алушы білім мазмұнын ғылыми негізде игереді, әсіресе жоғары оқу орындарында оқыту формасының негізгі түрі ол дәріс және басымдылық ғылыми деректермен жұмысқа беріледі. Сондықтан жоғары да аталған жұмыс түрлерін сабақ тақырыбына, мазмұнының игерілу ерекшелігіне қарай қолдансақ, оның тиімділігі жоғары болады деп ойлаймыз.

Қалай болғанда да кез-келген педагог жаңашылдықтан шет қалмай, оны ой елегінен өткізіп, үнемі ізденісте болғаны абзал.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 Ыбырай Алтынсарин тағылымы : Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы : Жазушы, 1991. – 384 б.

2 Педагогика : Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік // Ғыл. жетекшілік жасаған және жалпы ред. басқарған Ш. К. Беркімбаева, А. Қ. Құсайынов. – Алматы : ROND&A баспасы, 2007. – 248 б.

3 Студентке арналған нұсқаулық. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы. – Бірінші басылым, 2015. – 43 б.

4 Тихомиров, О. К. Психология мышления. – М., 1984. – 270 с.

5 Леонтьев, А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1975. 173–189 б.

6 Бернс, Р. Развитие Я-концепции и воспитание. Перевод с английского // Общ ред В.Я.Пилиповского. – М. : Прогресс, 1986. – 420 с.

7 Ильин, Е. П. Мотивы и мотивация. – М., 2000. – 29–45 б.

8 Пірәлиев, С., Керімов, Л. Таным және студент. – Алматы : Санат, 2007.

9 Бөрібекова, Ф. Б., Жанатбекова, Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар : Оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.

10 Селевко, Г. К. Энциклопедия образовательных технологий : В 2 т. Т. 1. – М. : НИИ школьных технологий, 2006. – 816 с.

### References

1 Ybrai Altynsarin taǵylymy : Ádebi-syn maqalalar men zertteýler/ Qurast. M. Jarmuhamedov [Readings of Ibrai Altynsarin : Literary-critical articles and researches] / Comp. M. Zharmukhamedov. – Almaty : Writer, 1991. – 384 p.

2 Pedagogika : Qazaqsha jáne orysshá túsinDIRme terminologialyq sózDik // Ǵyl. jetekshilik jasaǵan jáne jalpy red. basqarǵan Sh. K. Berkimbaeva, A. Q. Qusainov [Pedagogy : Kazakh and Russian explanatory terminological dictionary]. Supervised and edited by Sh.K.Berkimbayeva, A. K. Kusainov. – Almaty : ROND & A Publishing House, 2007. – 248 p.

3 Stýdentke arnalǵan nusqaýlyq [Student’s manual]. – AEO «Nazarbayev Intellectual Schools» Center of Excellence. – First edition, 2015. – 43 p.

4 **Tikhomirov, O. K.** Psixologiya my`shleniya [Psychology of thinking]. – Moscow, 1984. – 270 p.

5 **Leont`ev, A. N.** Deyatel`nost`. Soznanie. Lichnost` [Activity. Consciousness. Personality]. – Moscow, 1975. – P. 173–189.

6 **Berns, R.** Razvitie Ya-koncepcii i vospitanie [Development of I – concept and upbringing. Translation from English]. edited by V. Ya. Pilipovsky. – Moscow : Progress, 1986. – 420 p.

7 **П`ин, Е. П.** Motivy` i motivaciya. [Motives and motivation]. – Moscow, 2000. – P. 29–45.

8 **Pirálev, S., Kerimov, L.** Tanym jáne stýdent [Cognition and student]. – Almaty : Category, 2007.

9 **Bóribekova, F. B., Janatbekova, N. J.** Qazirgi zamangý pedagogikalыq tehnologialar [Modern pedagogical technologies]. Textbook. – Almaty, 2014. – 360 p.

10 **Selevko, G. K.** Ensiklopedia obrazovatelnyh tehnologi [Encyclopedia of educational technologies]. In 2 vols. – T. I. – Moscow : NII School Technologies, 2006. – 816 p.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

*A. Zh. Edigenova*

**Рефлексивный анализ дополнительного профессионального образования студентов педагогических специальностей на основе уровневых программ**

Университет имени Шакарима города Семей,  
Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

*A. Zh. Edigenova*

**Reflexive analysis of additional professional education of students of pedagogical specialties on the basis of level programs**

Shakarim University of Semey,  
Republic of Kazakhstan, Semey.

Material received on 30.09.20.

*В статье рассматриваются новые подходы к обучению в соответствии с требованиями изменений в системе современного образования. В статье проведен рефлексивный анализ практики реализации программы дополнительного профессионального*

*образования студентов выпускных курсов, осуществляющих подготовку педагогических кадров, разработанных на основе уровневых программ повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. В содержании статьи излагаются применение различных методов и приемов и их эффективность на занятиях со студентами, обучающимися по педагогической специальности в рамках данной программы. Кроме того, в ходе проведенных занятий по модулям уровневых программ раскрывается взаимодействие преподавателей и студентов. Определены влияние примененных методов и способов на конечный результат процесса обучения. Преподаватели вузов, готовящие педагогические специальности, могут получить полезную информацию.*

*Ключевые слова: образование, студент, преподаватель, метод, прием, обучение.*

*The article discusses new approaches to learning in accordance with the requirements of changes in the system of modern education. The article provides a reflexive analysis of the practice of implementing the program of additional professional education of graduate students who train teachers, developed on the basis of level-level programs of professional development of teachers of the Republic of Kazakhstan. The content of the article describes the use of various methods and techniques and their effectiveness in the classroom with students studying in the pedagogical specialty in this program. In addition, the interaction of teachers and students is revealed in the course of the lessons conducted on the modules of level programs. The influence of applied methods and methods on the final result of the learning process is determined. University professors who prepare educational specializations, can provide useful information.*

*Keywords: education , student, teacher, method, reception, training.*



Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz